IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

# СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП
# «СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ

## 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН АККРЕДИТТЕУ

**Нұр-Сұлтан 2021**

## САРАПШЫЛАР ТОБЫ



**Карбозова Гульнара Кумисбековна**
**Топ жетекшісі**
Заведующая кафедрой английского языкознания Южно-Казахстанского государственного университета имени М. Ауэзова, д.ф.н, доцент



**Матвеева Ирина Юрьевна**
**Халықаралық сарапшы**
Заведующая кафедрой библиотечно-информационной деятельности, кандидат педагогических наук, доцент, Челябинский Государственный Институт Культуры



**Абзулдинова Гульсум Кенжебековна**
**Сарапшы**
Кандидат филологических наук, доцент кафедры «Русский язык и литература», Павлодарский государственный педагогический университет



**Копбаева Меруерт Рахымбаевна**
**Сарапшы**
Заведующая кафедрой филологии и журналистики Таразского государственного университета имени Х. Дулати, д.ф.н., профессор



**Сапаров Жандос Султанбаевич**
**Жұмыс берушілердің өкілі**
Директор, Общая средняя школа №8 имени Алпамыс батыра



**Сексенова Зарина Айтугановна**
**Студенттер өкілі**
Магистрант 2 года обучения, Программа «Казахский язык и литература», Академия Болашак

Сарапшылар тобының есебі IQAA-ның зияткерлік меншігі болып табылады. Кез келген ақпаратты IQAA-ға сілтеме болған кезде ғана пайдалануға жол беріледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

## ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСТЕРІНІҢ НАҚТЫ ЖАЙ-КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ

## 6В01701 Қазақ тілі мен әдебиеті

| Стандарттар | Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің әрбір стандарт үшін ЖОО-дағы істердің нақты жай-күйіне сәйкестік деңгейін белгілеңіз | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Толық сәйкестік | Маңызды сәйкестік | Ішінара сәйкестік | Сәйкессіздік |
| *Стандарт 1*<br>Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты | + | | | |
| *Стандарт 2*<br>Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару | + | | | |
| *Стандарт 3*<br>Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау | + | | | |
| *Стандарт 4*<br>Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау | + | | | |
| *Стандарт 5*<br>Профессор-оқытушылар құрамы | + | | | |
| *Стандарт 6*<br>Оқу ресурстары және студенттерді қолдау | | + | | |
| *Стандарт 7*<br>Жұртшылықты ақпараттандыру | + | | | |

# МАЗМҰНЫ

**ТАРАУ 1**
**Кіріспе** ..............................................................................5
**ЖОО-ның негізгі сипаттамасы** ......................................................6

**ТАРАУ 2**
**ЭКСПЕРТТІК ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ**
**Кіріспе** .............................................................................. **7**
Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі
Стандарт 1 Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты........................................7
Стандарт 2 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және, ақпараттарды басқару........................................................................10
Стандарт 3 Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және бағалау......11
Стандарт 4 Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау........13
Стандарт 5 Профессор-оқытушылар құрамы.........................................16
Стандарт 6 Оқу ресурстары және студенттерді қолдау..............................18
Стандарт 7 Жұртшылықты ақпараттандыру..........................................21
**ТАРАУ 3**
**Қорытынды**..........................................................................22

**Қосымшалар**
**Қосымша1**
Сыртқы аудит бағдарламасы..........................................................24
**Қосымша 2**
Интервьюға қатысқандардың тізімі..................................................26
Қосымша 3
ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі ........................................29

# ТАРАУ 1

## КІРІСПЕ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі және сыртқы аудит бойынша білім бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу аясында БСҚА сыртқы сарапшысының келіп қарауы 2021 жылдың 16-17 маусымы аралығында өтті.

Сыртқы аудит БСҚА дайындаған бағдарлама негізінде жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (іссапар бағдарламасы, ББ бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі, сыртқы аудит бойынша білім бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өткізуді ұйымдастыру нұсқауы) сарапшылау топтың мүшелеріне оқу орнына барғанға дейін беріліп, сыртқы аудит жүргізуге өз уақытында дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшыларымен кездесу сарапшылау топтың мүшелеріне ЖОО-ның жетістіктері мен оның болашақтағы дамуымен танысуына мүмкіндік берді.

Бағдарламаға сай іссапар ауқымында жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, түлектерді шығарушы кафедраның профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, бітірушілермен, жұмыс берушілермен егжей-тегжейлі танысуға ықпал жасады және сыртқы сарапшыларға ұсынылған есептің білім беру бағдарламасының нақты жай-күйіне, олардың арнайы аккредитация стандарттарына сәйкестігі жөнінде тәуелсіз баға беруге мүмкіндік береді. Университеттің 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау мақсатында ұсынылған есебінде осы кәсіптің мамандарын барша бағыттар ауқымында даярлаудың, оның күшті және әлсіз тараптарын айқындаудың, қауіп-қатерлер мен болашақта одан әрі даму үдерісін анықтаудың үлкен ақпараттық көлемі мазмұндалған.

ЖОО-ның материалдық базасы туралы, оқу-әдістемелік және ғылыми үдерістерді ұйымдастыру, сұхбаттарды өткізу үшін мақсатты топтармен жүздесулерді ұйымдастыру барысында көзбен көріп, танысу үдерісі жүзеге асты. Сарапшылар құрылымында 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын дайындайтын кафедра, факультет, басқа да құрылымдық бөлімдер мен инновациялық зерттеу орталығы, кітапханасы бар «Сырдария» университетімен көзбе-көз танысты.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын дайындайтын кафедраның және сол кәсіпті дайындауға септігін тигізетін құрылымдық бөлімдердің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалды-техникалық жағынан дайындығын қамтамасыз ететін құжаттарына сараптама жасалды. Аккредиттеліп жатқан мамандықтың білім

бағдарламасымен егжей-тегжейлі танысу үшін кәсіби пәндер бойынша сабақтар тексеріліп, пәндердің оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілуі қарастырылды. Өзін-өзі бағалау есебі 52 бет мәтіндік материалдан және 70 бет қосымша материалдан тұрады. Есепте негізгі мәселелер қамтылған, құрылысы дұрыс берілген. Берілген материалда жалпы  және жекелей сараптамалар қамтылған.

Сыртқы аудит бойынша университет корпустары, кітапхана қоры жатақхана т.б. құрылымдық ғимараттар қаралып, ББ талаптарына сәйкестіктері көрінді. Сонымен қатар, 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» / 5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ қатысты құжаттар қаралып, сараптама жасалды.

## ЖОО-ның негізгі сипаттамасы

«Сырдария» университеті – қазіргі таңда еліміздің қиыр оңтүстігіндегі басты оқу, ғылыми-әдістемелік және мәдени орталықтардың қатарына енетін бірден-бір жоғары оқу орны. 2005 жылы 1 қыркүйекте Президент Н.Ә. Назарбаев университетке келіп, танысып, ғылыми-зерттеу орталықтарын ашқан.  Жоғары білім беру нысаны 23 жыл ішінде білім беру, материалдық-техникалық база, ғылыми кадрлық әлеует жағынан заман талабына сәйкес толықтырылған. Университет оқытудың жаңа инновациялық технологияларын қолданысқа енгізіп, ғылыми зерттеулерді, сапалы білім беруді іске асыруда. Университет түлектері еңбек нарығында бәсекелестікке ене отырып, Қазақстанның білім жүйесінің кез келген шегінде қызмет етуде.

Оқу орнының басты мақсаты – студенттердің өз әлеуетін көтеруге әсер ете отырып, ЖОО-ның халықаралық және республикалық деңгейде алдыңғы қатардан көрінуі үшін өмір бойы білім алу біліктілігін дамыту. «Сырдария» университетінің басымдығы – жоғары білім мәдениетіне негізделген академиялық саясат, кадр және қаржы менеджментінің, стратегиялық жоспардың жеке моделін орнықтырып, қалыптастыру.

# ТАРАУ 2
# ЭКСПЕРТТІК ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

## Кіріспе

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалаврын дайындайтын 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы 1998 жылы ашылған, 2010 жылы 28 қыркүйекте АБ № 0137474 лицензияға берілген қосымша негізінде білім беру ісін жүргізеді. 6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриатының білім беру бағдарламасын «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы жүзеге асырады. Қазіргі таңда кафедра меңгерушісі қызметін философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а. М.А. Нұрбек атқаруда.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриатының білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өткізумен байланысты өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәліметтер БСҚА-ның (IQAA) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нұсқауына сәйкес жүйеленген.

### *Мамандандырылған аккредитация стандарттарына сәйкестігі*

### Стандарт 1. Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша ББ-ның негізгі мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті саласында кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды игерген, озат жетістіктер деңгейіндегі қажетті білім, білік, дағдыны жүзеге асыратын, инновациялық экономика үшін бәсекеге қабілетті бакалавр академиялық дәрежесін даярлау.

ББ-ның мақсатын жүзеге асыру келесі міндеттерді айқындайды:

- мемлекеттік тіл дәрежесіндегі қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік құрылымы мен теориялық мазмұнын, сөз өнері, әдеби шығарма, көркемдік категориялар жөнінде терең теориялық білім беру;
- тіл мен әдебиет бағытындағы білімдердің заманауи тұжырымдамасы мен әдістемелік негізін меңгерту.

ББ-ның мақсаты мен міндеттеріне орай пәнаралық байланысты нығайту ғылыми философиялық білім, қазақ халқының өткен тарихы, елдің

әлеуметтік-экономикалық, мәдени, экологиялық ахуалы, салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқытудың озық технологиялары жөнінде түсінік қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты айқын, қарқынды, және қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстарына жауап беруге икемді. Білім беру бағдарламасының мақсатын айқындау, түзетулер енгізу үшін кафедрада модульдік білім беру бағдарламасына сараптама жасалады, жаңа модулдерді енгізу қажеттілігі жөнінде жұмыс берушілермен сауалнама жүргізіледі. Жұмыс берушілермен бірлесе жүргізілген іс-шаралар, сауалнама жүргізу нәтижелері білім беру бағдарламасының еңбек нарығы талаптарына жауап бере алатындығын көрсетеді.

Жұмыс берушілердің Ассоциациясы мүшелерінің қызметтері ішінде түлектердің мақсаттары мен құзыреттерін белгілеу қамтылған. Бұл ББ бойынша бакалаврларды дайындау барысында еңбек нарығының қажеттіліктерін есепке алу мақсатында жұмыс берушілерден сауалнама алу жыл сайын жүргізілген. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлау сапасына қатысты білім беру бағдарламаларына сәйкес жалпы мәдени, кәсіби құзіреттіліктердің мамандар дайындаудағы маңыздылық деңгейі анықталып, сауалнама алынған. Нәтижесінде ББ-ны құрастыруда жұмыс берушілердің пікірі ескеріліп, қажетті кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру бойынша ұсыныстары қабылданған. Сыртқы аудит барысында жұмыс берушілермен кездесу кезінде, сауалнама нәтижесінде бұл жұмыстардың жүйелі жүргізіліп отыратындығы көрінді.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриатына арналған білім беру бағдарламасы кафедрамен тығыз байланыс жасайтын жұмыс берушілердің талаптарына сай мамандар даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы (ары қарай БББ) академиялық топтардың білім беру бағдарламасына қатысты өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі «Сырдария» университетінің 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын (Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілді, №8 хаттама, 26 ақпан 2020 жыл) негізге алып, бәсекеге қабілетті және тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсімді қамтамасыз ететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды ұлт даярлауға бағытталған миссиясы мен пайымдауына, университеттің академиялық стратегиясының мақсатына сәйкестендірілген. «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаттары мәдениет сапасын дамытумен тығыз байланысты. ЖОО-да менеджмент сапасы жүйесі енгізіліп, қарқынды

жұмыс жасауда және білім беру сапасын арттыру үшін менеджмент сапасының жүйесі процестерінің мониторингі өткізіліп тұрады.

Дегенмен, мамандыққа қатысты студенттердің халықаралық аспектідегі академиялық ұтқырлық бағдарламасы әлі дұрыс жолға қойылмаған.

***Дәлелдер:***

- 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын іске асыру білім беру мекемелері мен ұйымдарына байланысты университеттің алдына қойған мақсатына, миссиясына сәйкестендірілген.

- «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының 2018-2022 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында (1 қыркүйек 2018 жылы бекітілген) кафедраның даму стратегиясы, мақсат-міндеті, қызметі мәселелері, кафедра құрылымы, студент контингентін қалыптастыру, білім беру сапасын арттыру, академиялық ұтқырлық және халықаралық байланыс, ғылыми-зерттеу, тәрбие бойынша бірнеше бағыттарда іс-шаралар белгіленген;
- жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатылған.

***Ұтымды жақтары:***

- білім берудің модульдік бағдарламасы жалпы білім беру, базалық, кәсіптік циклдар бойынша құрастырылған (хаттама №9, 23.04.20);
- білім беру бағдарламасындағы міндетті пәндердің мазмұны типтік оқу жоспарына сәйкес;
- жұмыс оқу жоспары типтік оқу жоспары және элективті пәндер каталогының мазмұнымен сәйкестендірілген;
- білім беру бағдарламасының мазмұны осы заманғы мамандарды оқыту жоспарына қойылатын талаптарға сәйкес құрастырылған;
- оқытудың сапасын жетілдіру үшін СМЖ үдерісі бойынша мониторинг жасалуы;
- білім беру бағдарламасы бойынша осы заманғы материалдық-техникалық базаның болуы;
- білім беру бағдарламасы дайындауда жұмыс берушілердің талаптары ескерілген.

***Ұсыныстар:***

Білім беру бағдарламасына қатысты халықаралық аспектідегі академиялық ұтқырлық, ішкі академиялық ұтқырлық бойынша бағдарлама жасап, жүйеге түсіру және белсендіру;

ББ-ның мақсатын жүзеге асыруда түлектер Ассоциациясы жұмысын белсендіру.

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкес.**

**Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және, ақпараттарды басқару**

Білім беру бағдарламасының нормативтік құқықтық базасын қамтитын құжаттар: 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» ҚР Заңы, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы», Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан № 600 бұйрығымен бекітілген), Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылы 16 қарашадағы № 634 бұйрығымен бекітілген).

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриаты бойынша білім беру бағдарламасы екі траектория бойынша оқытуды көздейді және құрамында: жалпы білім беру, базалық және кәсіптік пәндерінің теориялық оқытылуы; әр түрлі іс-тәжірибесімен қосымша оқыту түрлерін, дене шынықтыру; қорытынды аттестациялау бар. Теориялық оқыту базалық пәндер циклінен және кәсіптік бағдар циклінен тұрады. Базалық пәндер циклінің және кәсіптік бағдар циклінің құрамында міндетті және тандау компонеттерінің пәндері енгізілген. Пәндер тізімі жұмыс берушінің талабына және еңбек нарығының сұранысына сай бекітілген.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндер мақсатына бағытталып және құзіреттілікті дамыта отырып жүзеге асырылады. Оқыту нәтижелері білім беру деңгейіне сәйкес Дублин дескрипторының негізінде анықталып, ие болатын құзыреттіліктері берілген. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары пәндерді оқытудың өзара байланысы мен жүйелілік принципі бойынша құрастырылған (Оқу жоспарлары оқу жылының аяғында университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіліп отырылады).

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ы университеттің мақсаттарымен үйлесімді, тұтынушылардың талаптарына жауап беретін, білімгерлердің халықаралық алмасуы мүмкіндіктерін ескеретін және ғылымның қазіргі жағдайына

жауап беретін, анық мақсаттарды белгілейді. ББ оқытудың құзіретті тәсілін іске асыруға бейімделген.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы оқытудың күндізгі түрі бойынша мамандарды дайындайды. ББ мемлекеттік тілде іске асырылады.

***Ұтымды жақтары:***

- мамандықтың МОӘК және ПОӘК 100% қамтамасыз етілуі;
- студенттердің таңдау траекториясының анықталуы;
- ақпаратты-коммуникативті технологиялардың оқу жүйесіне кең түрде ендірілуі;
- СМЖ жүйесіне сәйкес оқыту сапасын жетілдіруде мониторинг жасалуы;
- ББ бойынша заман талабына сай материалдық-техникалық базаның тиісті деңгейде болуы;
- ББ әзірлеу барысында жұмыс берушілердің талап-тілектерінің ескерілуі.

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкес.**

## Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және бағалау

ББ-ғы студенттік бағыт бірнеше жағдайларда қарастырылған:

- білім беру траекториясы студенттің қажеттілігімен анықталады;
- білім беруді жүзеге асыруда жаңа инновациялық технологиялар, педагогикалық тәжірибелер, заманауи техникалық құралдар тиімді пайдаланылады;
- педагогикалық әдістер мен білім беру формалары үздіксіз бағаланып отырады;
- студент пен оқытушы арасындағы байланыс жүйелілігі сақталған;
- «Білім алушы - оқытушы» қарым-қатынасындағы өзара сыйластық орын алған.

ББ студенттің мінез-құлқына, жекеленген аспектісіне, тәуелсіз болуға ұмтылуға, кәсіби дамуға, өзін-өзі басқару мен құрметтеуге ықпал етеді. Бұл студенттердің қоғамдық жұмыстарға, ғылыми-шығармашылық икемділікке, түрлі ұйымдар мен үйірмелерді басқаруға септігін тигізеді.

Студенттің оқу жүктемесі оның жеке қабілеті мен мүмкіндіктерін, тұтастай қанағаттануын, қоғамдық іс-шараларға қатысуға деген

қызығушылықтарын, зерттеушілік және қосымша бағдарламаларды меңгеру деңгейін ескере отырып белгіленеді.

ЖОО-ның студенттерге қолдау көрсететін құрылымдық бөлімдері ББ жүзеге асыруға әсерін тигізеді.

ББ-ның басты тұтынушысы болып табылатын студенттердің оқу үдерісіндегі кәсіби құзыреттіліктерін дамыту интербелсенді әдістерді, атап айтқанда, іскерлік ойындар, мәселелік-жағдай модельдері, топтық оқыту, «кейс-стади» т.б. тікелей байланысты. Бұл студенттердің жан-жақты шығармашылық тұлға ретінде дамуына әсер етеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы студенттердің ғылыми бағдарын жақсарту мақсатында академиялық ұтқырлық бағдарламасы жолға қойылған. Ішкі және сыртқы ұтқырлықты дамыту мақсатында бірнеше ЖОО-мен келісімшарттар жасалған: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, А.С.Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университеті (Ресей, Санкт-Петербург қ.), И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан, Бішкек қ.), С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Аймақтық-әлеуметтік инновациялық университеті, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, т.б.

***Дәлелдер:***

- университеттің ережелері студенттердің білім алудағы құқығын қорғау жағдайларына бағытталған;
- «ПОҚ студент көзімен» бағытындағы сауалнамалардың жүргізілуі, құқықтық семинар мен конференциялардың, іс-шаралардың ұйымдастырылуы осының дәлелі;
- ББ-ны ұйымдастыратын және оны жүзеге асыратын оқу орны білім берудегі жетістіктерге салыстырмалы түрде талдау жасап, студенттермен кері байланыс орнатады.
- ББ мазмұнын іске асыру студенттің жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) тікелей байланысты. Бұл үдеріс жеке білім беру траекторияларын қалыптастырады. Онда студент игеруге тиіс компоненттер мен элементтер ББ-ның білім деңгейімен екшеленеді.

***Ұтымды жақтары:***

- оқу үдерісінде жүйелі түрде дәстүрлі және инновациялық (мультимедиялық, электрондық оқыту, интербелсенді оқыту және т.б.) технологиялар пайдаланылады;
- оқу үдерісін ұйымдастырудың және оны жүзеге асырудың сан алуан түрлері (іскерлік ойындар, ғылыми конференциялар, пікірталастар,

оқырмандар конференциясы, сын тұрғысынан ойлау, дөңгелек үстел, т.б.) - ПОҚ-тың біліктілігін жетілдіру және жоғарылату бағытында атқарылатын жұмыстар, инновациялық технологиялар мен ғылыми ізденістер негізінде жүргізіледі және олар оқу үдерісінде мақсатты түрде қолданылады;
- әрбір жаңа оқу жылына тіркеу барысында пәндерді таңдау үрдісі жүргізіледі және студенттердің білім алу бағыттары қалыптасады.

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкес.**

## Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

ББ-ның тиімділігі мен нәтижелігін қамтамасыз етуде «Сырдария» университеті студенттерге қолайлы орта жасаудың академиялық заманауи моделін қалыптастырған. Түрлі басылымдар мен университет сайтында үздіксіз жарияланып отыратын публикациялар осының дәлелі.

Талапкерлерді ЖОО-ға қабылдау шарттары университет ережесіне сәйкес жүзеге асады. Қабылданған талапкерлер студент қатарына енген күннен бастап оларға анықтама-жол сілтеушісі беріледі, оқу үдерісіндегі материалдық, техникалық, экономикалық жағдайлар жасалып, қолайлы орта қалыптастырылады. Мәселен, студенттерді оқу үдерісіндегі оқу-әдістемелік құралдармен, техникалық база және әлеуметтік нысандармен қамтамасыз ету үздіксіз орындалып отыратын әрекет.

Студенттердің үлгерімі мен жетістіктерін аналитикалық бағалау университет деңгейіндегі мониторинг арқылы жүзеге асады. Студенттердің үлгерімі кафедра, факультет отырыстарында қарастырылады және университеттің Ғылыми кеңесінде тиісті сала басшыларының есебінде талданады.

ББ-ның тиімділігі мен нәтижелігін қамтамасыз етуде «Сырдария» университеті студенттерге қолайлы орта жасаудың академиялық заманауи моделін қалыптастырған. Түрлі басылымдар мен университет сайтында үздіксіз жарияланып отыратын публикациялар осының дәлелі болмақ www.sirdariya.kz.

Білім беру бағдарламасы бойынша университетке қабылданатын білім алушыларға жағдай жасау, студенттер тартуды тұрақты түрде қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске

асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

Университетте студенттердің білім беру қызметінің сапасына қанағаттануы жайлы сауалнама жүргізу шаралары жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Студенттердің оқу үдерісіндегі білім беру сапасына қанағаттануы», «Оқытушы студент көзімен», «Қызметкерлердің қанағаттандырылуы» т.б. бағытындағы сауалнамалар жүргізіледі, соның нәтижесінде университеттен алған біліміне, студенттік өмірге қанағаттанатындығын байқауға болады. Сауалнама нәтижелері білім берудің әрбір элементі туралы пікірді қалыптастыру үшін обьективті пікір болып табылады. Сауалнамаға мамандықтың барлық курстарының студенттері қатысты. Мониторинг http://www.sirdariya.kz нәтижелеріне талдау жасалынған.

Білім алушылардың ББ қызметіне сәйкес кәсіби біліктілігі олардың жұмысқа орналасу көрсеткішімен байланысты. Бұған бітірушілердің есеп беріп отырған жылдарда жұмысқа орналасуының пайыздық үлесі - 78 % жетуі нақты дәлел бола алады.

Еңбек нарығының сұранысына ие болған бітірушілермен кері байланыс ұйым басшылары тарапынан берілген мінездеме, алғыс хаттар арқылы жүзеге асады. 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімдерін даярлау/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриаты бойынша ББ-ны толық меңгерген университет түлектері Қазақстанның әр түкпірінде қызмет етуде. Сондай-ақ түлектердің қызметтік, карьералық дәрежесінің өсуі маман дайындаушы кафедраның басты жетістіктері.

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың өзін-өзі бағалау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі қалыптастыру, өзін таныстыру қабілеттерін қалыптастыруды бағалауда құзыреттілік тұрғысынан келу әдісі қолданылған. Оқу жұмыс бағдарламаларын құрастыруда және бұл құжаттарды жыл сайын жаңартуда қазіргі ғылым тенденциялары ескерілген.

Бағдарламаны талқылау мен сараптама жасау барысында бағалаудың белгіленген критерийлері қолданылған.

Олардың ішінде жалпы және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру тиімділігінің индикаторы, пәндердің болашақ кәсіби қызметте қажеттілігі мен ғылыми өзектілігі, жаңалығы т.б. негізгі критерийлер болып табылады.

Білім беру бағдарламасы тиімділігінің маңызды көрсеткіші мамандық құзыреттіліктерін еркін меңгерген, кең ауқымды фундаментальдық және

тәжірибелік дайындығын үйлестіре алатын, алған білімін тәжірибеде қолдана алатын бакалавр дайындау болып табылады.

«Сырдария» университеті білім беруді бағалаудың негізгі көрсеткіштеріне ие:

- ББ-ны аяқтаған түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету мәселелерін шешу әрекеттері жолға қойылған. Жыл сайын ұйымдастырылатын жұмысқа орналастыру жәрмеңкесі, студенттердің кәсіби іс-тәжірибелерін ауданның түрлі білім нысандарында ұйымдастыру жұмыстары олардың педагогикалық шеберліктерін көрсету арқылы еңбек нарығына енуге септігін тигізеді.

- ББ-ны аяқтаған соң бітірушіге бакалавр академиялық дәрежесі беріледі;
- бітіруші түлектер еңбек нарығындағы талаптарға жауап бере алады.

***Дәлелдер:***

- еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыруда «Сырдария» университеті түлектерге деген әлеуметтік, экономикалық сұраныстардың талаптарын ескереді және соған байланысты қоғамдық дамудың көрсеткішін бере алады;
- студенттердің үлгерімі мен жетістіктерін аналитикалық бағалау университет деңгейіндегі мониторинг арқылы жүзеге асады. Студенттердің үлгерімі кафедра, факультет отырыстарында қарастырылады және университеттің Ғылыми кеңесінде тиісті сала басшыларының есебінде талданады;
- ББ-ның білім берудегі нәтижесінің мониторингі жүргізіледі;

«Сырдария» университетінің ББ-ны жүзеге асыруда әлеуметтік, экономикалық, мәдени, сауықтыру, оқу-әдістемелік т.б. кешендерінің ұйымдастырылуы талапкерлердің ЖОО-ға бейімделуіне септігін тигізеді. Сонымен бірге академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша келген студенттер үшін үздіксіз білім беруді жетілдіру, кәсіби тұлға ретіндегі келбетін қалыптастыру мақсатын көздейтін жағдайлар қарастырылған. Мобильді бағдарламаға сәйкес модульдік және пәндік ақпараттарды меңгерту, техникалық, электрондық құралдарды, кітапхана қорын үздіксіз пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған. ББ-да студенттердің оқу нәтижелеріне құзыреттілік тұрғысынан бағалауда олардың әлеуметтену, өзін-өзі таныстыру дағдылары, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қалыптастыру қабілеттері басшылыққа алынады.

***Ұтымды жақтары:***

- бітіруші түлектер еңбек нарығындағы сұраныстарды қанағаттандыра алады;
- студенттермен жүздесу, сауалнама алу барысында студенттер кітапхана жұмысына қанағаттанатындықтарын білдірді. ЖОО аралық электронды кітапханаларды, халықаралық электронды қорларды қолдана және пайдалана білетіндіктері көрінді;
- ББ-ны бағалаудың мониторингтік моделі жүйелі жолға қойылған;
- ББ-ны бағалауға қызығушылық танытатын тараптар мен мекемелердің қатысуы;
- студенттердің сапалық көрсеткіші ББ нәтижесінің тиімділігін белгілейді.

***Ұсыныстар:***

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша студенттер контингентін көбейту үшін кәсіби бағдар беру жұмыстарының жаңа түрін енгізу.

***Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі* – толық сәйкес.**

## Стандарт 5. Профессор- оқытушылар құрамы

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқытушылардың кадрлық құрамы, біліктілігі жоғары және құзырлы қызметкерлерден, тәжірибелік және ғылыми-педагогикалық жоғары тәжірибелі мамандардан құралған.

Оқытушылардың жалпы саны пәндер санын, оқу жүктемелері нормативтері, студенттер контингентін есептей отырып анықталған. ОПҚ біліктілігі білім беру бағдарламасына және жүргізетін пәніне толық сәйкес келеді. ББ-ны жүзеге асыратын ПОҚ-тың штаттық, дара жүктемелерінің жүйеленуі, өтілетін сағат саны, кредитік мөлшері оқу жүктемелерінің нормативіне, студенттер контингентіне сәйкес анықталады.

ББ бойынша қызмет істейтін профессор-оқытушылар құрамының базалық білімі және сабақ беретін пәндері кадрлардың біліктілігіне сай келеді.

Білім беру бағдарламасын дамытуды жетілдіруде оқытушылар резервімен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген.

ПОҚ-тың жоғары білікті құрамы білім беруді жүзеге асыруда кәсіби мамандандырылған оқытушылардың және білім алушылардың есебінен барлық салалық аймақтарды қамтиды.

Профессор-оқытушылық құрам білім беру бағдарламасын жетілдіруге тікелей қатысады: модульдік білім беру бағдарламасын дайындау жұмыстарын жүргізеді, мамандар даярлау тәжірибесін жетілдірудің тиімді бағыттарын үйрену мақсатында ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізеді, осы тәжірибе есебінен оқытудың тиімділігін арттыру бағытында жаңа элективті курстар дайындалып, оқытудың инновациялық технологиялары енгізіледі. Кафедра профессор-оқытушыларының оқу және ғылыми-зерттеу жұмысы, оқу жүктемесін бөлу оқу жұмысын бөлудің нормативтік талаптарына сәйкес келеді.

Кафедраның оқытушылары тәжірибе алмасу мақсатында еліміздің рейтингісі жоғары оқу орындарында болып, біліктілігін көтере отырып, алдыңғы қатарлы оқу орындарындағы бастамашыл жаңалықтармен таныса отырып, сол бүгінгі ғылыми, оқу, әдістемелік жаңалықтарды өз іс-тәжірибесінде қолдана білуі үшін іссапарларға барып тұруына жағдай жасалыну қажеттігі туындайды.

Дегенмен, ПОҚ-тың әлеуеті есепте ұтымды көрсетілгенмен, сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша дәріс оқуға барған, ЖОО-ның үздік оқытушысы атағын иеленген оқытушылар көрсетілмеген, рейтингісі жоғары басылымдарға мақала жіберілгенмен, қорытындысы шықпаған. Қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарында ПОҚ құрамын алмастыру бойынша жұмысты жетілдіру, шетел ғалымдарымен бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, жетілдіру жолдары жөніндегі мәселелер қолға алынып, бағдарламасы жасалуы қажет.

***Дәлелдер:***

Сапа менеджмент жүйесі, аккредитациялау және мониторинг бөлімінің басшылығымен әр оқу жылында ПОҚ-тың қызмет сапасын бақылау мақсатында мониторинг өтіледі. Қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығы жөнінде сауалнама тұрақты жүргізіледі.

ПОҚ-тың біліктілігін бағалау мақсатында «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы алынып, оның нәтижесі кафедраның кезекті мәжілісінде талқыланады.

Оқытушылармен жүздесу, сауалнама алу нәтижесінде ПОҚ өз жұмысын игергендігі, ЖОО талаптарына сай екендіктерін көрсете білді.

***Ұтымды жақтары:***

- кафедрада қызмет ететін ПОҚ-тың сапалық мақсатын арттыруда қолайлы жағдайлар қарастырылған;

- ПОҚ-тың оқу жүктемесі оқу жүктемесін бөлу талаптарына сәйкес анықталған және оқу үдерісіндегі жұмыс жоспарлары белгілі мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған;
- ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу бағытындағы қызметтері мен оқу үдерісіндегі марапаттары тиімді нәтижелерге жеткен.

***Ұсыныстар:***
ПОҚ-тың гранттық негіздегі ғылыми жобаларға қатысу белсенділігін арттыру. Ғылыми зерттеу жұмыстарының өңірлік мәселелерге де бағытталуына мән беру.

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкес.**

## Стандарт 6. Оқу ресурстары мен студенттерді қолдау

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» амандығының 2,3,4 курс студенттерімен болған кездесуде Барлыбай Гулбаршын, Көпжасаров Багдат, Смайлов Ерсултан, Калдыбек Жаныл, Кенесбай Акерке т.б. студенттер «Сырдария» университеті оқытуға пайдаланатын материалдық-техникалық база және ақпараттық ресурстармен ББ толығымен қамтамасыз ететініні және оқыту талаптарына толыққанды жауап беретінін нақты дәлелдеді. «Сырдария» университетінің бюджеттік және бюджеттен тыс қаржы саясаты бұл оқу бағдарламасының сапалы болуын көздейді.

Жаһандану дәуіріндегі білім берудің бағыттарын материалдық-техникалық база құрайтыны белгілі. Сондықтан «Сырдария» университеті мен «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Ал, оқу ғимараттары мен нысандар, аудиториялар мен оқу залдары санитарлық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкес келеді.

Мамандықты аккредиттеу нысаны бойынша білім беретін ғылым, мәдениет ордасының жалпы көлемі - 5637,22 шаршы метрді құрайды. Бұл – бес мыңнан астам студенттерге білім беруді жүзеге асыратын құрылым. Облыстық, қалалық нысандардан шалғай орналасқанына қарамастан, оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін заман талаптарына сай оқыту жүйесін толық қамтамасыз еткен бірден бір мекеме. «Сырдария» университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының филиалы Жетісай қаласының №2 Ш.Уәлиханов атындағы ЖОМ коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2017 жылы қыркүйекте ашылған. Тараптар арасындағы өзара ынтымақтастық негізіне құрылған екі жақты келісімшарт 5 жылға жасалған.

Кафедра филиалының мақсаты – талапкерлерді іріктеу, білікті мамандарды даярлау сапасын жақсарту, оқу үдерісінің сараман бағытын

күшейту және бірлескен ғылыми-әдістемелік зерттеулер өткізу, оқу үдерісіне нәтижелерін енгізу.

Кафедра филиалында 5 профессор-оқытушы жұмыс жасайды: философия докторы (PhD), қауымд.проф. м.а. Нұрбек М.А., ф.ғ.к., қауымд.проф. м.а. Абенова Л.У., ғылым магистрі Байболова А.Ж., ғылым магистрі Раеева Г.А., ғылым магистрі Сейлиханова Н.Қ. Жыл сайын кафедра мәжілістерінде, Ректорат отырыстарында филиал жұмысы бойынша жоспарлар мен есептер талқыланады және бекітіледі.

***Дәлелдер:***

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының техникалық базасы оқу үдерісі талап ететін ережеге толық жауап бере алады. Кафедра екі компьютер блогымен, принтер, бейнепроектор жинақталымы, және жиhаздармен жабдықталған.

«Сырдария» университетінің ғылыми әлеуетінің бір бөлігі – кітапхана.

Кітапханалық қорларға электрондық желі арқылы парақшаларға ену университеттің http://sirdarya.narod.kz сайты бойынша жүзеге асады: кітапхананың электрондық каталогі, электрондық кітапхана, библиографиялық нұсқаулықтар мен тізімдер, алынған ақпараттық қорлар, жаңа кітаптар түсімдері, кітапханаға жазылған мерзімдік басылымдар т.б.

Жалпы мамандық бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми оқулықтар кітап қоры - 349062, оның 282187 данасы қазақ тіліндегі басылымдар. Білім беру базасында университет ПОҚ-тың оқулық және оқу-әдістемелік құралдар, электрондық тасымалдау қоры - 6403 дана, оның 3100 данасы қазақ тілінде.

6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы білім алушылары пайдаланатын әдебиеттік қор 1 студентке 148,6 бірлікте үлестіріледі.

Университетте заманауи кітапхананы құру үшін кітапхана-библиографиялық үрдістерді ***ТОО «Kazakh soft» компаниясы өңдеген*** «Кабис» (***Қазақ автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі***) лицензияланған бағдарламасы 2014 жылдың қазан айынан кітапханаға сатып алынып енгізілген. Біздің білімалушыларымызға қызмет көрсететін кітапхана қызметкерлері Қазақ автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі курсын толық бітіріп, сертификатталған. Мұнымен бірге, Wi-Fi ақпараттық желісі тегін қызмет жасайды. 877,8 $м^2$ құрайтын кітапханалық-ақпараттық база білім алушылардың оқу үдерісіне қажетті бағдарламалар бойынша үздіксіз қызмет етеді. Білім алушылардың мүмкіндігін нығайту мақсатында 2010 жылдан бастап Қазақстанның Республикалық университетаралық кітапхана http://www.rmebrk.kz. базасына қосылған.

Білім алушы студенттердің ақпараттық ресурстарға  деген мүмкіндігі мол. Университеттің лингафон бөлмесі, компьютер (№20, №23 аудитория 23 компьютермен қамтамасыз етілген) класы ғаламтор желісіне қосыла отырып, студенттердің жаһандану үдерісіндегі қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

***Ұтымды жақтары:***
«Сырдария» университетінің материалдық-техникалық базасы ББ жүзеге асыру қызметінің белсенді сипатына ие;
- білім беру бағдарламасының пәндері бойынша жинақталған кітапхана қоры соңғы шыққан басылымдарға жеткілікті деңгейде қолжетімді:
- ақпараттық-техникалық бағдарламалармен жабдықтау, жаңарту жолдарының  жақсы жолға қойылуы.

***Ескерту:***
6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»  амандығының студенттерін университеттің материалдық-техникалық базасы және ақпараттық ресурстары толықтай қанағаттандырғанымен кейбір мәселелерді әлі де толықтырып, жандандырудың қажеттілігі сезіледі.  Мәселен, білім беру үдерісін ұйымдастыру үшін арнайы атаулы аудиториялар санын көбейтіп, мамандандырылған зертхана, мультимедиалық құралдар, электронды оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар санын арттыру керек. Студенттің жеке шығармашылық ізденістеріне арналған тек бір ғана  «Тілтаным»  үйірмесі жұмыс жасайды. Болашақта «Тілтаным» үйірмесінің жұмысын жандандырып, үйірме мүшелерін Халықаралық, Республикалық, облыс аралық конкурстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға, пәндік олимпиядаларға қатыстыруды жүйелі жолға қою қажет. Студенттердің шығармашылық үйірмелерін, интеллектуалды клубтарын ұйымдастыру және шығармашылық ізденістерін  жүйелі жолға қою қажет.

***Ұсыныстар:***
6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына арналған электрондық оқулық қорын кәсіби және таңдау пәндері бойынша  толықтыру. Оқуда қиындықты сезінетін, білім беру бағдарламасын меңгеруде түрлі себептермен артта қалушы студенттерді, сонымен қатар бағдарламаны терең меңгеруге, жазғы семестр, академиялық ұтқырлық барысында қосымша кредиттерді меңгеруге ұмтылысы бар студенттерді қолдау жүзеге асырылса. Студенттердің түрлі топтарының (ересектердің, жұмыс істейтіндердің, ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің) қажеттіліктері есепке алынуы керек.

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкес.**

## Стандарт 7- Жұртшылықты ақпараттандыру

Университетте әр жарты жылдың және оқу жылының қорытындысы бойынша әзірленген құрылымдық бөлімшелердің есептері негізінде материалдар жинақталған және сайтқа материалдары өнделіп салынған. Ғылыми кеңес отырысында университеттің, факультеттердің, кафедралардың, құрылымдық бөлімдердің жиынтық есептік мәліметтері талданған. Сараптамалық есептерді талқылау нәтижелері бойынша университетті одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар дайындалған. Ақпараттар университет қызметінің SWOT-талдау жүргізуде, даму стратегиясын әзірлеуде және жаңалауда, университет саясатын, стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін айқындауда қолданылған.

***Дәлелдер:***

Сырдария университетінің веб-сайты, оқыту порталы;
«7 сыр» газетіндегі ақпараттар;
Кредиттік оқыту технологиясының талаптарына сәйкес университетте оқу үдерісі ақпараттық және оқу-әдістемелік әдебиеттермен толық қамтылған. Білім беру бағдарламалары пәндік оқу-әдістемелік кешендерде (ПОӘК) анық көрсетілген. ПОӘК пән бойынша оқуды жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысты оқу-әдістемелік құжаттар қамтылған. ПОӘК компоненттері оқыту тілінде әзірленген.

***Ұтымды жақтары:***

Білім беру бағдарламаларын басқару мен оны бағалау және ақпараттық технологияларды ендіруге байланысты жұмыстардың тұрақты жүргізілуі;
ата-аналармен, білім алушылармен, оқытушылармен және жұмыс берушілермен ақпараттық технологиялар арқылы кері байланыс жұмыстарының жүзеге асуы.

**Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкес.**

# ТАРАУ 3 ҚОРЫТЫНДЫ

«Сырдария» университетінде жүзеге асырылатын 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімдерін даярлау/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бағдарламасы барлық стандарттар мен критерийлері бойынша мамандандырылған аккредитация талаптарына сәйкес келеді.

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының 6В01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»/5В011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі және сыртқы аудит бойынша білім бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу негізінде БСҚА сыртқы сарапшылар тобы ББ бағдарламасын алдағы уақытта жетілдіру мақсатында төмендегідей ұсыныс береді:

**СТАНДАРТ 1 - Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты - толық сәйкес.**

**Ұсыныс:** Білім беру бағдарламасына қатысты халықаралық аспектідегі академиялық ұтқырлық, ішкі академиялық ұтқырлық бойынша бағдарлама жасап, жүйеге түсіру және белсендіру;

**СТАНДАРТ 2 - Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және, ақпараттарды басқару - толық сәйкес.**

**СТАНДАРТ 3 – Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және бағалау - толық сәйкес.**

**СТАНДАРТ 4 – Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау - толық сәйкес.**

**Ұсыныс:** «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша студенттер контингентін көбейту үшін кәсіби бағдар беру жұмыстарының жаңа түрін енгізу.

**СТАНДАРТ 5 – Профессор- оқытушылар құрамы - толық сәйкес.**

**Ұсыныс:** ПОҚ-тың гранттық негіздегі ғылыми жобаларға қатысу белсенділігін арттыру. Ғылыми зерттеу жұмыстарының өңірлік мәселелерге де бағытталуына мән беру.

**СТАНДАРТ 6 - Оқу ресурстары мен студенттерді қолдау - елеулі сәйкес.**

**Ұсыныс:** 6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау/5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына арналған электрондық

оқулық қорын кәсіби және таңдау пәндері бойынша толықтыру. Оқуда қиындықты сезінетін, білім беру бағдарламасын меңгеруде түрлі себептермен артта қалушы студенттерді, сонымен қатар бағдарламаны терең меңгеруге, жазғы семестр, академиялық ұтқырлық барысында қосымша кредиттерді меңгеруге ұмтылысы бар студенттерді қолдау жүзеге асырылса. Студенттердің түрлі топтарының (ересектердің, жұмыс істейтіндердің, мүмкіндігі шектеулі студенттердің) қажеттіліктері есепке алынуы керек.

**СТАНДАРТ 7 - Жұртшылықты ақпараттандыру - толық сәйкес.**

*Қосымша 1*

## «Сырдария» университетіне бағдарламалық аккредитация бойынша IQAA сараптамалық тобының сыртқы аудитінің

## БАҒДАРЛАМАСЫ

### 2021 жыл 16-17 маусым

| Уақыты | Іс-шара атауы | Қатысушылар | Өтетін орны |
|---|---|---|---|
| | ***1-күн: 16 маусым 2021 жыл*** | | |
| (9.30) | Университетке келу | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| 10:00-11:00 | Брифинг, ұйымдастыру мәселелерін талқылау | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті СЭТ кабинеті |
| 11:00-11:30 | Университет ректорымен сұхбат | Б, СЭТ, К, Ректор | Кабинет ректора |
| 11:30-11:45 | Сыртқы сараптама тобы мүшелерінің пікір алмасуы | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| 11:45-12:15 | Университет проректорларымен сұхбат | Б, СЭТ, К Проректорлар | Конференц-зал |
| 12:15-12:30 | Сыртқы сараптама тобы мүшелерінің пікір алмасуы | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| 12:30-13:00 | Құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен сұхбат | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| 13:00-14:00 | Түскі ас | Б, СЭТ, К | |
| 14:00-15:00 | Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша материалдық-техникалық базаны көзбен шолу | Б, СЭТ, К, Кафедра меңгерушілері | Оқу ғимараты |
| 15:00-15:30 | Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша декандармен және кафедра меңгерушілерімен сұхбат | Б, СЭТ, К, Кафедра меңгерушілері | СЭТ кабинеті |
| 15:30-15:45 | Сыртқы сараптама тобы мүшелерінің пікір алмасуы | | СЭТ кабинеті |
| 15:45-16:15 | Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша кафедралардың ПОҚ-мен сұхбат | Б, СЭТ, К, Кафедра ПОҚ | СЭТ кабинеті |
| 16:15-16:30 | Сыртқы сараптама тобы мүшелерінің пікір алмасуы | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| 16:30-17:00 | Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша студенттермен сұхбат | Б, СЭТ, К, Студенттер | СЭТ кабинеті |
| 17:00-17:15 | Сыртқы сараптама тобы мүшелерінің пікір алмасуы | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17:15-17:45 | Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша түлектермен сұхбат | Б, СЭТ, К, Түлектер | СЭТ кабинеті |
| 17:45-18:00 | Сыртқы сараптама тобы мүшелерінің пікір алмасуы | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| 18:00-18:30 | Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша жұмыс берушілермен сұхбат | Б, СЭТ, К, Жұмыс берушілер | СЭТ кабинеті |
| 18:30-18:45 | Сыртқы сараптама тобы мүшелерінің пікір алмасуы | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| ***2-күн: 17 маусым 2021 жыл*** | | | |
| 9:30 | Университетке келу | Б, СЭТ, К | Оқу корпусы |
| 10:00-11:00 | Оқу-әдістемелік басқармаға, тіркеу кеңсесіне, студенттерге қызмет көрсету орталығына бару. Оқу сабақтары мен емтихандарға іріктемелі қатысу. | Б, СЭТ, К Қызметкерлер, ПОҚ, студенттер | СЭТ кабинеті |
| 11:00-11:30 | Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша практика базаларына ішінара бару | Б, СЭТ, К Практика базаларының өкілдері | СЭТ кабинеті |
| 11:30-13:00 | Сарапшылардың сұрауы бойынша кафедра меңгерушілерін шақыру: | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| 13:00-14:00 | Түскі ас | Б, СЭТ, К | |
| 14:00-16:00 | Сыртқы аудит бойынша есептерді дайындау. Аккредиттелетін білім беру бағдарламалары бойынша құжаттаманы зерделеу. Сарапшылардың сұратуы бойынша кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің жекелеген өкілдерін шақыру. | Б, СЭТ, К Кафедра меңгерушілері | СЭТ кабинеті |
| 16:00-17:00 | Сыртқы сараптама тобы мүшелерінің пікір алмасуы. Сыртқы аудиттің алдын ала қорытындыларын шығару. | Б, СЭТ, К | СЭТ кабинеті |
| 17:00-17:30 | Сыртқы аудиттің алдын ала қорытындыларын ұсыну үшін университет басшылығымен кездесу. | Б, СЭТ, К | Кабинет ректора |

Ескерту: Б – басшы, СЭТ, ЭТ – эксперттік топ, К – топ координаторы

*Қосымша 2*

# ИНТЕРВЬЮ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

**Ответственный за проведение программной аккредитации**

| № | Ф. И. О. | Должность, ученая степень, звание |
|---|---|---|
| 1 | Токмурзаев Бакыт Салманович | Проректор по учебной и учебно-методической работе, доктор философии (PhD) |

**Руководство университета**

| № | Ф. И. О. | Должность,ученая степень, звание |
|---|---|---|
| 1 | Мамраимов Серик Даулетулы | Ректор, к.и.н., доцент |

**Руководители структурных подразделений**

| № | Ф.И.О. | Должность, структурное подразделение |
|---|---|---|
| 1 | Абдуразова Перизат Адилбековна | Проректор по научной работе и международным связям, доктор философии (PhD) |
| 2 | Сламбекова Замзагуль Айнабековна | Проректор по воспитательной работе и социальным вопросам |
| 3 | Абенова Лаззат Усмановна | Ученный секретарь, к.ф.н., доцент |
| 4 | Жумабаев Дархан  Жиенбаевич | Руководитель административно-хозяйственного управления |
| 5 | Оралова Зауре Мекенбаевна | Руководитель учебно-методического управления, ст.преподаватель |
| 6 | Абдуллаева Жазира Дайрабаевна | Руководитель отдела менеджмента качества, аккредитации и мониторинга, ст.преподаватель |
| 7 | Исаева Лаура Сарсембаевна | Руководитель отдела кадров |
| 8 | Байсалова Атиркуль Абдирахмановна | Главный бухгалтер |
| 9 | Раеева Гулсим Аскаровна | Руководитель офиса регистрации |
| 10 | Малдыбекова Патима Спакуловна | Директор библиотеки |
| 11 | Амантаева Меруерт Амангелдиевна | Заведующая центром обслуживания студентов |
| 12 | Ирсимбетов Нурлан Сейсенбаевич | Заведующий центром информационных и инновационных технологий |
| 13 | Ахынова Улбике Саулебековна | Директор инновационного научно-исследовательского центра, ст.преподаватель |
| 14 | Жанибекова Акбота Бекмырзаевна | Заведующая канцелярии |
| 15 | Шагирбаева Айсауле Дүйсеновна | Специалист корпоративной службы |
| 16 | Райымбек Нурбек Даулетиярович | Руководитель отдела профессиональной ориентации и занятости |
| 17 | Конарбаева Нуржамал Бейсенбаевна | Руководитель сектора академической мобильности |
| 18 | Бектемис Мейирхан Мырзаханович | Руководитель «Отдел молодежи» |

**Деканы факультетов**

| № | Ф.И.О. | Ученая степень, звание, с какого года работает в университете |
|---|---|---|
| 1 | Мейрбеков Мырзабай Балтабаевич | Декан факультета «Филология и гуманитарное образование» к.и.н., ст.преподаватель |

**Заведующие кафедрой**

| № | Ф. И. О. | Ученая степень, звание, с какого года работает в университете |
|---|---|---|
| 1 | Нурбек Мурат Анарбаевич | Заведующий кафедрой «Казахский язык и литература» доктор философии (PhD) |
| 2 | Авдонин Владимир Викторович | Заведующий кафедрой «Иностранные языки» к.ф.н., доцент |

**Преподаватели выпускающей кафедры «Казахский язык и литература»**

| № | Ф. И. О. | Должность | Ученая степень и звание |
|---|---|---|---|
| 1 | Нурбек Муратбек Анарбаевич | И.о.ассосир. профессора | Доктор философии (PhD) |
| 2 | Абенова Лаззат Усмановна | И.о.ассосир. профессора | к.ф.н. |
| 3 | Боранбаева Актолкын Раисбековна | И.о.ассосир. профессора | Доктор философии (PhD) |
| 4 | Балтабаева Гаухар | Старший преподаватель | Д.ф.н. |
| 5 | Байболова Айжан Жанасбековна | Старший преподаватель | Магистр наук |
| 6 | Раеева Гулсим Аскаровна | Старший преподаватель | Магистр наук |
| 7 | Муса Нұрбала Бекболатовна | Преподаватель | Магистр наук |
| 8 | Муса Гулжан | Преподаватель | Магистр наук |
| 9 | Батырханова Светлана | Преподаватель | Магистр наук |

**Представители работодателей**

| № | Ф.И.О. | Место работы, должность |
|---|---|---|
| 1 | Сапаров Жандос Султанбаевич | Директор КГУ "Общая средняя школа №8" |
| 2 | Курбанбаева Жулдыз Сайфутдиновна | Руководитель КГУ «Центр обучения и развития языков» |
| 3 | Спатаева Бакытгул Курбановна | Заместитель директора по учебной работе КГУ "Общая средняя школа №3 имени А.Пушкина" |
| 4 | Убайдина Гулжан Турарбековна | Директор КГУ "школа-гимназия №11 имени Женис" |
| 5 | Алипбекова Сауле Мухановна | Заместитель директора по учебной работе КГУ "Общая средняя школа №5 имени А.Байтурсынова" |
| 6 | Жунисова Асима Ермекбаевна | Директор Государственное учреждение «Централизованная библиотечная система Жетысайского района», |
| 7 | Орал Алия Умирбековна | Заведующая библиотекой Казыбек би, аул Таубайата |

| | | |
|---|---|---|
| | | КГУ "Общая средняя школа имени М.Жумабаева", |
| 8 | Елмуратова Гулбала Курашовна | Заведующая библиотекой КГУ "Общая средняя школа №8 |
| 9 | Садыкова Марияш Шамшиевна | Заведующая библиотекой КГУ «Общая средняя школа-гимназия №4 имени Абая» |
| 10 | Малдыбекова Патима Спакуловна | Директор библиотеки университет «Сырдария» |

**Выпускники**

| № | Ф.И.О. | Специальность, год окончания | Должность, место работы, Контактные данные (моб.тел.) |
|---|---|---|---|
| 1 | Есентаев Нурлан Амангельдиевич | «Казахский язык и литература», 2002 | Учитель-модератор, Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления |
| 3 | Сатуов Бекболат Шазиллаевич | «Казахский язык и литература», 2020 | Журналист, ТОО «Астана ТВ» |
| 4 | Тоқтар Арайлым Жансериккызы | «Казахский язык и литература», 2020 | Учительница, КГУ "Общая средняя школа №27 имени Ж.Нурлыбаева" |
| 5 | Осербай Акмаржан Бердимураткызы | «Казахский язык и литература», 2020 | Учительница, КГУ "Общая средняя школа №59" |
| 6 | Егемкул Адеми Бақытқызы | «Казахский язык и литература», 2020 | Учительница, КГУ "Общая средняя школа №38 имени С.Асанова" |

**Студенты 1-4 курсов**

| № | Ф.И.О. | Курс |
|---|---|---|
| 1 | Тазабек Зейнеп Сакенкызы | 1 |
| 2 | Барлыбай Гулбаршын Сакенкызы | 1 |
| 3 | Көпжасаров Багдат Маратулы | 2 |
| 4 | Смайлов Ерсултан Ерболулы | 2 |
| 5 | Тилес Бек Жумаханулы | 2 |
| 6 | Калдыбек Жаныл Нургаликызы | 2 |
| 7 | Рыспай Акмаржан Каржаубайкызы | 4 |
| 8 | Курбан Балнур Азимханкызы | 4 |
| 9 | Кенесбай Акерке Кайратқызы | 4 |
| 10 | Кадир Айман Сайфуллакызы | 4 |
| 11 | Машрапова Муходос Казакбайкызы | 4 |
| 12 | Айдарбекова Камшат Абдрахмановна | 3 |
| 13 | Сулейменова Бахыткуль Кенесбековна | 3 |
| 14 | Жораева Клара Сламхановна | 3 |
| 15 | Толегенова Жанар Аскаровна | 2 |
| 16 | Акшораева Гулжайна Кожабергеновна | 2 |
| 17 | Серсаулетова Гульнара Омирбековна | 2 |
| 18 | Кенесбаева Айгерим Бахытовна | 2 |
| 19 | Умурзакова Жанна Есмахановна | 2 |
| 20 | Тастанова Айнагуль Туткабаевна | 2 |

*Қосымша 3*

# ЖОО-ДА ҚОСЫМША ҚАРАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

– «Сырдария» университетінің сапа саласындағы мақсаттарды әзірлеу тәртібі туралы ереже.;

– Білім беру сапасына кепілдік беру саясаты;

– Академиялық саясат;

– Ішкі тәртіп ережелері;

– «Сырдария» университетінің профессорлық-оқытушылық құрамын аттестаттау тәртібі туралы нұсқаулық;

– Оқу процесінің сапасын бақылауды қамтамасыз ету туралы ереже;

– Аралық аттестаттау және қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия туралы ереже;

– Модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережелері;

– Модульдік білім беру бағдарламалары;

– Мамандық пен пәннің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу, рәсімдеу бойынша ереже;

– Плагиатқа арналған жазбаша жұмыстарды жүргізу ережелері мен тәртібі;

– Аралық аттестаттау және қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия туралы ереже;

– ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау және бөлу қағидалары пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін жоспарлау, дайындау және басып шығару туралы ереже;

– Кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже;

– Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау ережелері;

– Академиялық ұтқырлық бойынша ереже;

– Оқу процесінің сапасын бақылауды қамтамасыз ету туралы ереже;

– Ғылыми-зерттеу қызметі туралы ереже;

– Тәжірибе туралы ереже;

– Анықтамалық нұсқаулық.